

КҮРДЕЛІГҮЛДІЛЕР ТҰҚЫМДАСЫНА ЖАТАТЫН ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕРДІ ЖЕРСІНДІРУ

Акинбекова Ж.В., магистрант, Мамыкова Р.У., б.ғ.к., доцент м.а.
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университет, Шымкент қ.

E-mail: zhamilaualikhan@mail.ru, roza.mamykova@mail.ru

Мақалада мәдени түрде өсірілген күрделігүлділер тұқымдасына жататын дәрілік өсімдіктерді жерсіндірудің бағалануы 4-баллдық жүйемен жүргізілгені көрсетілген. Олар вегетацияны уақытында аяқтайды және уақытында гүлдейді, жеміс береді, бұл жерсіндіру үшін өте маңызды болып табылады.

Тірек сөздер: жерсіндіру, дәрілік өсімдіктер, бағалау, әдістер, төзімділік, вегетация.

В статье показана интродукция лекарственных растений, относящихся к семейству сложноцветных, выращенных в условиях культуры с использованием 4-х балльной системы. Установлено, что эти растения вовремя завершают вегетацию, обильно цветут, плодоносят, что очень важно для интродукции.

Ключевые слова: интродукция, лекарственные растения, оценка, методы, выносливость, вегетация.

The article shows the introduction of medicinal plants belonging to the family of Asteraceae grown in culture using a 4-point system. It has been established that these plants complete the vegetation in time, bloom profusely, bear fruit, which is very important for introduction.

Key words: introduction, medicinal plants, assessment, methods, endurance, vegetation.

Ботаниканың басты бағыттарының бірі жерсіндіру (интродукция), бұл ілімнің орны ерекше. Өсімдікті жерсіндіру деп адам баласының бір мақсатпен білгілі табиғи-тарихи кеңістікте бұрын кездеспеген өсімдік түрін өсіру немесе жергілікті табиғи жағдайдан екпе өсімдікке айналдыру үшін бағытталған еңбегін айтады.

Бертін келе халық көбейіп, қалалар салынды, өнеркәсіп дамыды. Мұның өзі азық-түлікке, шикізатқа деген сұранысты күшейтті. Осыған орай өсімдіктер дүниесін игеру жұмыстары да кең етек ала бастады. Әсіресе, соңғы ғасырларда өсімдік байлығын пайдалану жоғары қарқынмен жүргізілді. Бүгінде дүниежүзінде әр түрлі өсімдіктердің 4000-ға жуық түрлері өсірілуде [1, 20].

Соңғы 20 – 30 жыл көлемінде болған экологиялық дағдарыстар, тиімсіз кәсіптік, шаруашылық әрекеттердің кең етек алуы, табиғи өсімдік байлығын қорғау, сақтау, тиімді пайдалану мәселелерін күн тәртібіне қойып отыр.

Өсімдіктерді жерсіндіру заңдылығының бірі агротехникалық заңдылық, яғни агротехникалық әдістер неғұрлым өсімдік биологиясына сәйкес келсе, соншалықты жерсіндіру нәтижесі жоғары болады.

Н.А. Бородин жерсіндірудің тәсілдеріне негізінен мыналарды жатқызады: климат пен агроклимат ұқсастығы тәсілдерін қолданып алғашқы материалды алдын-ала зерттеу және іріктеу, қазіргі ареалы мен палеареалын салыстыра зерттеу, флораны экологиялық-тарихи талдау, агротехникалық, физиологиялық, химиялық әдістерді қолдана отырап ашық немесе жабық түрде өсіру, будандастыру мен мутагенезді қолдану.

Дәрілік өсімдіктердің жерсіндірулік табыстарын бағалау үшін әртүрлі тәсілдер қолданылды, ол тіршілік ету түріне және аудандағы жерсіндіру жағдайына байланысты анықталды, бағалар баллдық жүйеде белгіленді.

Жерсіндірудің бағалануы Р.А.Карписонова (1975) [2, 250] және И.В.Белолипов (1976) [3, 50] әдістермен 4-баллдық жүйемен жергілікті жағдайға бейімделген әдіспен жүргізілді (1 - кесте).

1 кесте

Дәрілік өсімдіктердің жерсіндірілуінің нәтижесін бағалауға арналған көрсеткіштерге сипаттама

Көрсеткіштер	Баллдар				Белгілейтін коэффициент	Жоғары баға
	1	2	3	4		
Тұқымдық көбеюге қабілеттілігі	Өсімдік жеміс бермейді	Жемісті сирек береді	Үздіксіз жеміс береді	Үздіксіз және мол жеміс береді	10	40
Ыстық температураға төзімділігі	Жер бетіндегі мүшелері солады	Бір жылдық өркендері солады	Жеке жапырақтары солады	Солмайды	7	28
Суық температураға төзімділігі	Өсімдік толығымен қураған	Жер бетіндегі мүшелерінің зақымданғаны	Жеке жапырақтарының зақымданғаны	Зақымданбаған	5	20
Түрлі аурулар мен зиянкестерге төзімділігі	Жаппай зақымдану	Жеке өсімдіктің зақымданғаны	Жеке жапырақтың зақымданғаны	Зақымданбаған	3	12

Дәрілік өсімдіктердің жерсіндіруіне қорытынды жасау үшін біздер өсімдіктің төрт көрсеткішін комплексті түрде бағаладық, ол жергілікті жерге бейімделген өсімдіктің сипаттары (2-кесте). Бұл бағалау 4 баллдық шкаламен есептелген. Баллдың қорытындысында 70%-ды аз перспективалы (АП), 71-80 – потенциалды перспективалы (ПП.), 81-90 – перспективалы (П), 91-100%-ын перспективасы жоғары өсімдіктер деп бағаланды (ЖП.).

Зерттелген күрделігүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктерден біздің білгеніміз, барлық өсімдіктер жақсы өседі,гүлдейді,тұқым салады. Бірақ *Calendula arvensis*, *Calendula officinalis* температура сәл төмендегенде жапырақтары ширатылып, өсімдіктер қурай бастайды.Өсімдіктердің температураның төмендеуіне байланысты реакциялары, олардың тек географиялық шыққан тектеріне ғана емес, ол өсімдіктің сол уақыттағы дамуы және өсу фазасына байланысты. Жерсіндіру кезінде көптеген түрлер ауруға шалдықпайды және зиянкестермен бұзылмайды. Кейбір жылдары көктемгі жаңбырлардың әсерінен саңырауқұлақпен ауырған өсімдіктер кездесті (жапырақтары). *Calendula officinalis* зиянкестермен зақымданды. Өсімдіктердің температураның төмендеуіне байланысты реакциялары, олардың тек географиялық шыққан тектеріне ғана емес, ол өсімдіктің сол уақыттағы дамуы және өсу фазасына байланысты. Өңдеу кезінде берілген дәрілік өсімдіктердің 6 түрдіңбарлығы перспективалы – 81-90 балл арасында болды (2-кесте).

Үлгілі көшетжайындағы күрделігүлділер тұқымдасына жататын дәрілік өсімдіктердің жерсіндірілуіне баға беру ұпайы

№	Түр	Тұқымдық көбеюге қабілеттілігі	Ыстық температураға төзімділігі	Суық температураға төзімділігі	Түрлі аурулар мен зиянкестерге төзімділігі	Жерсіндірудің бағасы
1	Calendula arvensis L. (дала қырмызыгүл)	40	28	15	12	95
2	Calendula officinalis L. (дәрілік қырмызыгүл)	40	21	15	9	85
3.	Chamomillarecutita (L.) Rauschert (дәрілік түймедақ)	40	14	20	12	86
4.	Echinacea purpurea L. Moench (күңгірт эхинацея)	30	28	20	12	90
5	Echinacea angustifolia L. Dc. (жіңішке жапырақты эхинацея)	30	28	20	12	90
6.	Inulahelenium L. (биік аңдыз)	40	21	20	9	90

Мәдени түрде өсірілген күрделігүлділер тұқымдасына жататын өсімдіктердің онтогенездің барлық кезеңінен өтіп, табиғи жағдайда өзінің өсу реттіліктерін сақтайды. Олар вегетацияны уақытында аяқтайды және уақытында гүлдейді, жеміс береді, бұл жерсіндіру үшін өте маңызды болып табылады (1 сурет).



1 сурет. Тәжірибелік көшетжайдағы жерсіндірілген күрделігүлділер тұқымдасына жататын дәрілік өсімдіктер: (а-күңгірт эхинацея; б-дәрілік қырмызыгүл;в- жіңішке жапырақты эхинацея; в- биік аңдыз)

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мамыкова, Р.У. Оңтүстік Қазақстандағы жерсіндірілген дәрілік өсімдіктердің морфологиясы мен экологиясы. Шымкент: Нұрлы бейне. 2009. -20 б.
2. Карпионов Р.А. Травянистые растения широколиственных лесов СССР: Эколого-флористическая и интродукционная характеристика.-М.: Наука, 1985-205 с.
3. Белолипов И.В. Краткие итоги первичной интродукции растений природной флоры Средней Азии в Ботанический сад АН УзССР //Интродукция и акклиматизация растений. Ташкент: Фан. 1976. Вып.13. С.9 - 58.

ӘОЖ 17.01.45

<https://doi.org/10.53355/w2961-3213-5468-s>

ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ САБАҚТАРЫНДА ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Ақсамбай Қ.Е., 3-курс студенті

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ.

E-mail: Aksambaeva97@mail.ru

Бұл мақалада әдебиеттік оқу сабақтарында халық педагогикасының үлгілерін тиімді пайдалану жолдары қарастырылады.

Тірек сөздер: әдебиеттік оқу, халық педагогикасы, тәрбие.

В данной статье рассматривается пути эффективного использования народной педагогики при изучении литературного чтения.

Ключевые слова: литературное чтение, народная педагогика, воспитание.

This article discusses the effective use of folk pedagogy in the study of literature.

Key words: literary reading, folk pedagogy, education.

Халық педагогикасы-бұл рухани құндылық пен жақсылықтың, сана мен мінез-құлықтың дамуының қайнар көзі. Халықтық педагогиканың үлгілерін тиімді пайдаланудың негізі – бастауыш сынып оқушыларының жалпы адамгершілік рухында тәрбиелеу болып табылады. Ойлау, сөз, іс-әрекет бостандығы адамзатқа лайықты болса да, оның жаратылысына сәйкес, тарихи даму үрдісінде ілімді зерттей отырып, оның мағынасы мен мазмұнын жаңаша жаңғыртудан тұрады.

Қазақ халқының өзіндік мәдени, рухани, әдеби ұлттық дәстүрлері қалыптасқан. Жыраулар мен шешен билер елге өнегелі сөздерімен, өлең-жыр толғауларымен зор ықпал етіп, халықты ел болуға, берекелі бірлікке шақырып, қоғамдық өмір сахнасына шыға бастады.

Қазақ жырауларының жыры, билердің шешендік - қанатты сөздері тек өзінің тәлімгерлік қасиеті бойынша ғана емес, рухани, эстетикалық, патриоттық мағынасы бойынша да маңызды болды.

Білім беру үдерісінде халықтық педагогикада әдептілік, адамгершілікті бейнелейтін терең мағыналы ұғым бар. Қазақ халқының педагогикасының ерекшеліктеріне үлкендерді құрметтеу, адам этикасын сақтау, ізгілік, адамгершілік, мейірімділік, әр адамның туыстық қатынасына сәйкес парасаттылық жатады.

Ауыз әдебиеті — халық жырлары, жыраулары, жыршылары, ертекшілері сонау баяғы заманнан өзінің асыл қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп бүгінгі біздің заманымызға жеткен.

Әдеби тұрғыдан алғанда, қазақ әдебиеті мәдениеттің өркениетті елдеріндегідей, мектептер, халық ағарту жүйесі, баспасөз болмаған кезде біздің ата-бабаларымыз ұрпақтан-ұрпаққа беріп келе жатқан бай ауыз әдебиетіне шоғырланған[1].